Әділет

# Мемлекеттік тергеу комитеті органдары мен ішкі істері органдары әскери қызметкерлерінің, қатардағы және басшы құрамдағы адамдарының ақшалай жалақылары туралы

***Күшін жойған***

Қазақстан Республикасы Президентінің жарлығы. 1996 жылғы 29 қаңтардағы N 2844. Күші жойылды - ҚР Президентінің 2006.01.09. N 1696 жарлығымен.

Қазақстан Республикасы Конституциясының 44-бабына және "1996 жылға арналған республикалық бюджет туралы" 1995 жылғы 21 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Президентінің Заң күші бар Жарлығының 12-бабына сәйкес қаулы етемін:

1. 1996 жылдың 1 қаңтарынан бастап:

әскери қызметкерлердің лауазымды жалақылары N 1-7 қосымшаларға сәйкес; Мемлекеттік тергеу комитеті органдары мен ішкі істер органдары әскери қызметкерлерінің (шақыру бойынша әскери қызметін өткеріп жүрген әскери қызметкерлерден басқа) әскери атақтарына орай, сондай-ақ қатардағы және басшы құрамдағы адамдарының арнайы атақтарына орай жалақылары N 8 қосымшаға сәйкес бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасының Үкіметіне министрліктер мен ведомстволардың Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігімен келісілген ұсыныстары бойынша осы Жарлықта белгіленген жалақыларға орай басқа да лауазымдар жөнінде лауазымдық жалақылар белгілеу құқығы берілсін.

3. Жаңа лауазымды жалақылар сызбасының енгізілуіне байланысты әскери қызметкерлердің қолданылып жүрген лауазымдық жалақыларының күші жойылсын.

4. Ішкі істер органдары әскери қызметкерлерінің, қатардағы және басшы құрамдағы адамдарының зейнетақысын индекстеу 1996 жылғы 1 қаңтардан бастап, "1996 жылға арналған республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 21 желтоқсандағы Заң күші бар Жарлығының 12-бабында белгіленген есептік көрсеткіштің қолданылуы негізінде жүргізіледі деп айқындалсын.

5. Мыналардың күші жойылған деп танылсын:

"Қазақстан Республикасының территориясында әскери қызметкерлерді және әскери қызметтен босаған адамдарды әлеуметтік қорғау жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1992 жылғы 16 наурыздағы N 674 Жарлығы (Қазақстан Республикасының ПҮАЖ-ы, 1992 ж., N 7, 113-құжат);

"Ішкі істер органдары әскери қызметкерлерінің, қатардағы және басшы құрамдағы адамдарының ақшалай үлестерін төлеуді реттеу және олардың әлеуметтік қорғалуын күшейту туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1993 жылғы 12 сәуірдегі N 1165 қаулысының 3, 4, 5 тармақтары.

6. Қазақстан Республикасының аумағында шалғайлығы үшін әскери қызметкерлердің лауазымдық жалақыларын өсіруді қарастыратын бұрынғы КСР Одағы нормативтік актілерінің күші тоқтатылады деп белгіленсін.

7. Қазақстан Республикасының Үкіметі бұрын қабылданған шешімдерді осы Жарлыққа сәйкес келтірсін.

*Қазақстан Республикасының Президенті*

Қазақстан Республикасы Президентінің 1996 жылғы 29 сәуірдегі N 2844 Жарлығына

**N 1 Қосымша**

**Негізгі бірүлгі лауазымдар бойынша офицер құрамындағы адамдардың ЛАУАЗЫМДЫҚ ЖАЛАҚЫСЫ**

| Лауазымды атауы | Айлық лауазымдық жалақысы (теңгемен) |
|---|---|
| **I. Әскерлер бойынша** | |
| Әскерлер түрінің қолбасшысы | 5800 |
| Корпус командирі | 5650 |
| Дивизия командирі | 5250 |
| Бригада командирі | 4850 |
| Полк командирі | 4500 |
| Батальон, дивизия командирі | 3850 |
| Рота, батарея командирі | 3500 |
| Взвод командирі | 2950 |
| **II. Шекара әскерлері бойынша** | |
| 1. Шекара отрядының бастығы | 5250 |
| 2. Шекара отряды бөлімшесінің бастығы | 3850 |
| 3. Шекара отрядының аға офицері | 3800 |

4. Шекара отрядының офицері 3400
5. Шекара комендатурасының коменданты 4000
6. Шекара заставасының бастығы 3500
7. Шекара заставасы бастығының орынбасары 3350

## III. Республикалық ұлан бойынша

Республикалық ұлан қолбасшысы 6900
Республикалық ұлан қолбасшысының бірінші орынбасары 6750
Республикалық ұлан қолбасшысының орынбасары 6700
Бөлім бастығы 6300
Бөлімше бастығы 5450
Аға офицер 5200
Офицер 4600
Полк командирі 5400
Батальон командирі 4600
Рота командирі 4200
Взвод командирі 3500

## IV. Ішкі әскерлер бойынша

Ішкі әскерлер қолбасшысы 5800
Ішкі әскерлер қолбасшысының бірінші орынбасары 5650
Ішкі әскерлер қолбасшысының орынбасары 5600

Бөлім бастығы 5250
Аға офицер 4350
Офицер 3850

Қазақстан Республикасы
Президентінің
1998 жылғы 29 сәуірдегі
N 2844 Жарлығына
**N 2 Қосымша**

**Мерзімінен тыс қызметтегі прапорщиктердің, мичмандардың, әскери қызметшілердің, сондай-ақ солдаттар, матростар, сержанттар, старшиналар, прапорщиктер, мичмандар атқаратын әскери лауазымдарда келісім-шарт бойынша қызмет өткеріп жүрген әскери**

қызметшілердің

**ЛАУАЗЫМДЫҚ ЖАЛАҚЫСЫ**

| Тарифтік разряды | Айлық лауазымдық жалақысы (теңгемен) |
| --- | --- |
| I | 1160-1290 |
| II | 1230-1440 |
| III | 1440-1550 |
| IV | 1550-1800 |
| V | 1800-1920 |
| VI | 1920-2200 |
| VII | 2200-2390 |
| VIII | 2390-2560 |
| IX | 2560-2750 |

Қазақстан Республикасы Президентінің 1996 жылғы 29 сәуірдегі N 2844 Жарлығына

**N 3 Қосымша**

**Республикалық ұланның мерзімінен тыс қызметтегі прапорщиктердің, әскери қызметшілердің, сондай-ақ солдаттар, матростар, сержанттар, старшиналар, прапорщиктер, атқаратын әскери лауазымдарда келісім-шарт бойынша қызмет өткеріп жүрген әскери қызметшілердің**

**ЛАУАЗЫМДЫҚ ЖАЛАҚЫСЫ**

| Тарифтік разряды | Айлық лауазымдық жалақысы (теңгемен) |
| --- | --- |
| I | 1510-1680 |
| II | 1680-1870 |
| III | 1870-2010 |
| IV | 2010-2340 |
| V | 2340-2500 |
| VI | 2500-2860 |
| VII | 2860-3110 |

VIII 3110-3330
IX 3330-3570

Қазақстан Республикасы
Президентінің
1996 жылғы 29 сәуірдегі
N 2844 Жарлығына

**N 4 Қосымша**

**Әскери оқу орындары мен әскери бөлімдер курсанттарының ЛАУАЗЫМДЫҚ ЖАЛАҚЫСЫ**

| Курсанттардың санаты | Айлық лауазымдық жалақысы (теңгемен) |
|---|---|
| 1. Оқуға қабылданар алдында міндетті әскери мерзімді қызметте тұрмаған адамдардың қатарындағы курсанттар: | |
| жоғары әскери оқу орындарында: | |
| бірінші және екінші курстарда | 640 |
| үшінші және одан кейінгі курстарда | 1180 |
| орта әскери оқу орындарында: | |
| бірінші және екінші курстарда | 500 |
| үшінші және одан кейінгі курстарда | 970 |
| 2. Міндетті әскери мерзімді қызметке тікелей шақырудан кейін оқуға қабылданған адамдардың қатарындағы курсанттар: | |
| техниктер, прапорщиктер мектебінде | 420 |
| әскери оқу бөлімдері мен бөлімшелерінде | 280 |
| 3. Мерзімді қызметтегі әскери қызметшілер қатарындағы курсанттар (2 тармақты көрсетілген курсанттардан басқасы) | әскери бөлімдердегі соңғы штаттық лауазымдар бойынша, бірақ 1 және 2 тармақтарда көзделген жалақылардан кем емес |
| 4. Офицерлік атағы жоқ және казармалық жағдайда ұсталмайтын жоғары әскери оқу орындарының тыңдаушылары | 675 |

5. Суворовшылар, нахимовшылар, әскери-музыка училищелері мен әскери бөлімдердің тәрбиеленушілері 75

Қазақстан Республикасы Президентінің 1996 жылғы 29 сәуірдегі N 2844 Жарлығына N 5 Қосымша

**Мерзімді әскери қызметшілердің ЛАУАЗЫМДЫҚ ЖАЛАҚЫСЫ**

| Тарифтік разряды | Айлық лауазымдық жалақысы (теңгемен) |
|---|---|
| I | 280 |
| II | 370 |
| III | 430 |
| IV | 500 |
| V | 560 |
| VI | 640 |

*Ескерту: Офицер құрамы лауазымына тағайындалған мерзімді қызметтегі әскери қызметшілерге жалақы бірінші тарифтік разряд бойынша прапорщиктерге, мичмандарға және мерзімінен тыс қызметтегі әскери қызметшілерге көзделген лауазымдық жалақының ең төменгі мөлшері деңгейінде төленеді.*

Қазақстан Республикасы Президентінің 1996 жылғы 29 сәуірдегі N 2844 Жарлығына N 6 Қосымша

**Республика ұланының мерзімді әскери қызметшілердің ЛАУАЗЫМДЫҚ ЖАЛАҚЫСЫ**

| Тарифтік разряды | Айлық лауазымдық жалақысы (теңгемен) |
|---|---|
| I | 560 |
| II | 740 |
| III | 860 |

| | |
|---|---|
| IV | 1000 |
| V | 1120 |
| VI | 1280 |

*Ескерту: Офицер құрамы лауазымына тағайындалған мерзімді қызметтегі әскери қызметшілерге жалақы бірінші тарифтік разряд бойынша прапорщиктерге, мичмандарға және мерзімінен тыс қызметтегі әскери қызметшілерге көзделген лауазымдық жалақының ең төменгі мөлшері деңгейінде төленеді.*

Қазақстан Республикасы Президентінің 1996 жылғы 29 сәуірдегі N 2844 Жарлығына

**N 7 Қосымша**

**Қазақстан Республикасы Президенті Күзет қызметі офицерлерінің, прапорщиктерінің, жұмысшыларының ЛАУАЗЫМДЫҚ ЖАЛАҚЫСЫ**

| Тарифтік разряды | Айлық лауазымдық жалақысы (теңгемен) |
|---|---|
| Қызмет бастығы | 6600 |
| Қызмет бастығының бірінші орынбасары | 6450 |
| Қызмет бастығы орынбасары | 6400 |
| Бөлімнің, жұмылдыру бөлімшесінің бастығы, комендант | 6100 |
| Бөлім бастығының, коменданттың орынбасары | 6000 |
| Жеке күзет, медициналық жабдықтау бөлімшесінің; техникалық жабдықтау бөлімінің бастығы; гараж бастығы | 5980 |
| Бөлімше бастығының орынбасары | 5800 |
| Арнайы және әскери дайындық тобының бастығы | 5700 |
| Хатшылықтың, техникалық жабдықтау тобының бастығы | 5650 |
| Жеке немесе көшпелі күзеттің, шұғыл түрде жабдықтау, кадр, қаржы, шаруашылық бөлімдерінің аға офицері, көлікті пайдалану, жеке қауіпсіздікті қамтамасыз ету тобының аға офицері; | |

аға заң кеңесшісі; негізгі машинаның аға жүргізушісі 5650

Арнайы және әскери дайындық жөніндегі, сапарларды қамтамасыз ету бөлімінің, техникалық жабдықтау бөлімінің аға офицері; комендатура ауысымының бастығы, дәрігер-маман; шаруашылық бөлімінің аға инженері; аға оперативті өкіл; оперативті кезекші; қаржы бөлімінің офицері 5300

Жеке күзет, көшпелі күзеттің, басқа да басшылардың күзет офицері 5250

Басқа басшылар машинасының, отбасы машинасының жүргізушісі 5200

Комендатура, сапарларды қамтамасыз ету күзетінің офицері, техникалық жабдықтау кадр бөлімі, хатшылықтың, оперативті өкілеттік офицері; ілесіп жүру машинасының жүргізушісі 4900

Аға механик 4100

Механик; оперативті жүргізуші;

I дәрежелі күзет қызметкері 3950

II дәрежелі күзет қызметкері 3750

III дәрежелі күзет қызметкері 3550

Ағаш шебері, электрик, сантехник 2250

Аула сыпырушы 1200

Қызмет бөлмелерін жинаушы 1100

Қазақстан Республикасы Президентінің 1996 жылғы 29 сәуірдегі N 2844 Жарлығына

**N 8 Қосымша**

**Әскери қызметшілердің (шақырылуы бойынша қызметін өткеріп жүрген әскери қызметшілерден басқаларының) әскери атақтары және ішкі істер органдарының қатардағы және басшы құрамдағы адамдардың арнаулы атақтары бойынша, сондай-ақ келісім-шарт бойынша қызмет өткеріп жүрген әскери қызметшілердің**

**ЛАУАЗЫМДЫҚ ЖАЛАҚЫСЫ**

| Әскери атақтар | Айлық лауазымдық жалақысы (теңгемен) | |
|---|---|---|
| | Әскери атағы бойынша | Арнайы атақтары бойынша |
| Қатардағы жауынгер, матрос | 700 | 600 |
| Ефрейтор, аға матрос | 720 | 620 |
| Кіші сержант, II-баптың старшинасы | 740 | 640 |
| Сержант, 1-баптың старшинасы | 780 | 680 |
| Аға сержант, бас старшина | 800 | 700 |
| Старшина, бас корабль старшинасы | 820 | 720 |
| Прапорщик, мичман | 920 | 820 |
| Аға прапорщик, аға мичман | 980 | 880 |
| Кіші лейтенант | 1060 | 980 |
| Лейтенант | 1160 | 1080 |
| Аға лейтенант | 1300 | 1200 |
| Капитан, капитан-лейтенант | 1400 | 1300 |
| Майор, III-рангалы капитан | 1520 | 1420 |
| Подполковник, II-рангалы капитан | 1600 | 1570 |
| Полковник, 1-рангалы капитан | 1720 | 1620 |
| Генерал-майор, контр-адмирал | 1880 | 1780 |
| Генерал-лейтенант, вице-адмирал | 2060 | 1960 |
| Генерал-полковник, адмирал | 2200 | 2100 |
| Армия генералы, флот адмиралы | 2380 | 2280 |

*Ескерту: Республикалық ұланда келісім-шарт бойынша қызмет өткеріп жүрген офицер құрамы адамдарының, прапорщиктердің, солдаттардың, сержанттардың және старшиналардың әскери лауазымына қарай жалақысы әскери лауазымға қарай бекітілген 10 процентке жоғары белгіленеді.*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК